<https://www.instagram.com/reel/C7Wv6m6sUPe/?igsh=ZjFkYzMzMDQzZg==>

2023-2024 оқу жылы

Мектептің тәрбие жүйесіндегі басты бағыттардың бірі – балалардың өзін-өзі басқару жағдайында азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру. Мектепте **Мектеп Парламенті** жұмыс жасайды. Бірнеше фракциялардан құрылған парламент жұмысы өз жұмысын Дублер күнін ұйымдастырудан бастап, Қайырымдылық жобаларына қатысуда. Бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие бағытын ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Оқу-тәрбие бағытында түрлі жағдаяттарды шешуде мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі.

ПАРЛАМЕНТ МАҚСАТЫ:

Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, адал бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбие жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, қазақ халқының мәдениетіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының этностары мен этникалық топтарына құрметпен қарауға бағытталған. Мектепте барлық ұлттық мерекелер мен мерейтойлық күндер дәстүрлі түрде атап өтіледі.

Отбасылық тәрбие аясында ата-аналарды қолдау орталығы жұмысы, биылғы 2024-2025 оқу жылынан бастап «Өнегелі 15 минут» жұмыстары ата-аналармен бірлесе ұйымдастырылуда.

<https://www.instagram.com/reel/DDb0vDoMvUH/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>
<https://www.instagram.com/reel/DDEEdKMokKT/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

Сонымен қатар ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру және балаларды тәрбиелеудегі жауапкершілігін күшейту жұмыстары жүргізіледі. Мектепте **Даналық мектебі жұмысы негізінде және Әкелер мен Аналар, Ағалар секциясы** жұмыс жасайды. Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылады, соның ішінде **Білім күні, Отбасы күні**, Алтын күз, Жаңа жыл, Наурыз мерекесі жалпы мектепшілік іс-шаралар бірлескен түрде, ал ата-аналар жиналыстары, тренингтер мен дәрістер жоспар бойынша өткізіледі. Түлектердің ағаш отырғызуы, 1-сынып оқушыларының мектеп маңына ағаш отырғызуы дәстүрге айналды.

Ағаш отырғызу жұмысы.

2024-2025 оқу жылы

<https://www.instagram.com/p/DI0cqHesWTM/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

Экологиялық тәрбие маңызды рөл атқарады. Оқушылар экологиялық бағыттағы іс-шараларды ұйымдастырады: «**Таза Қазақстан**» атты Республикалық сенбіліктер, «**Құстар үйі**», «**Менің ағашым**» акциялары өткізіледі.

2022-2023 оқу жылы

<https://www.instagram.com/p/CqtEpjYM6cB/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

2023-2024 оқу жылы

https://www.instagram.com/reel/C58H_zusRM/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==

<https://www.instagram.com/reel/C58G7pksu2/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

2024-2025 оқу жылы

<https://www.instagram.com/reel/DI6QkcLJWbG/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

Тілдер онкүндігі, «Қауіпсіздік айлығы», жол қауіпсіздік ережелері, пәндік апталықтар, «Рухани жаңғыру» циклдік іс-шаралары, «Халықаралық балалар кітабы күні» сияқты шаралар үнемі назардағы жұмыстар. «Оқитын мектеп» жобасы аясында «Отбасымен оқу сағаты» ұйымдастырылды. «Оқу уақыты» оқу бұрыштары жасақталды, кітапханалық сабақтар, тақырыптық көрмелер өтіп, жұмыс істейді.

Мектепшілік және аудандық байқауының жүлдегерлері мен қатысушылары бар. Олар: 2022-2023 оқу жылында салауатты өмір салтымен нашақорлықтың алдын алу іс-шаралары айлығы өтіп, аудан көлемінде қатысып мадақтамамен марапатталды. Құндылықтарды негізге ала отырып, ұлттық мүдде, ар-ұят, талап негізінде тәрбие жұмыстары жүргізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде де жұмыстар қарқынды жүріп жатыр. Отбасылық оқулар мен өнегелі сәттер өтуде. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, өнер мен шынайылықтағы эстетикалық объектілерді қабылдау, меңгеру, бағалау үшін тұлғаның дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті ортаны қалыптастыру

мақсатында өткізілді.Осы ретте оқушылардың эстетикалық қабілеттерін дамытып, шығармашылыққа үйретіп , жеңімпаздар дайындап жүрген ұстаз – Кыдырекшова Д.М. Оразова А.М , Жангужинова А.М атауға болады. Мектеп Парламентінің мүшелері тағайындалып ,өз жұмыстарын атқарды.

2022-2023 оқу жылының тәрбие жоспары

/public/files/2025/5/15/150525_224929_trbie-ghospary-2022-2023.pdf

2023-2024 оқу жылының тәрбие жоспары

/public/files/2025/5/15/150525_225020_trbie-ghospary-2023-2024.pdf

2024-2025 оқу жылының тәрбие жоспары

/public/files/2025/5/15/150525_225143_trbie-ghospar-2024-2025.pdf

Ата-аналармен және кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жұмыстар бойынша профилактикалық кеңестер үнемі жүргізіледі.Осы негізде мектебімізде қалалық бақылауда тұрған оқушылар жоқ.

2023-2024 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысының

Е С Е Б І

Қыркүйек айының 1-нен бастап,барлық білім беру мекемелерінде ұлттық құндылықтарға негізделген **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** енгізілді. **Мақсаты:** жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.Міндеттері:ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге,перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге,татулық, келісім,ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Жақсылыққа , игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді және әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.Құндылық, мінез-құлық, ішкі сенім, тұжырым жасау,шешім шығаруға керек негіз.

<https://www.instagram.com/reel/CwpwJcYsFVb/?igsh=ZjFkYzMzMDQzZg==>

Сондықтан да Біртұтас Ұлттық құндылықтарға **АР-ҰЯТ** құндылықтары арқылы білім алушылардың тәрбиесін ізгілендіруді мақсат негізделген тәрбие беру бағдарламасы кісілік келбетті айқындайтын **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ,ТАЛАП,** етеді.Қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық құндылықтарға негізделген біртұтас ұлттық тәрбие бағдарламасын мектепте іске асыру көзделді.

Осы бағдарламаны іске асыру мақсатында алдымен педагогикалық ұжыммен, сынып жетекшілермен, мектеп оқушыларымен және олардың ата-аналарымен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» және **«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»** бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсат,міндеттері мен құндылықтары бойынша түсінік берілді. Жаңа бағдарлама ұлттық тәрбие, ар-ұят, талап принциптеріне негізделіп құрылған.

Педагогикалық ұжымға ,ата-аналарға, мектеп оқушыларына ҚР Білім министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығымен және облыстық білім басқармасының

2023 жылғы 20 қыркүйектегі №398 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» және мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс - қимылын нығайту мақсатында құрылған «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы туралы түсінік жұмыстары жүргізілді. Қыркүйектің алғашқы аптасында Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай, «Тіл-бірлік негізі» атты онкүндік іс -шара ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CxNJooDMXpI/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>
<https://www.instagram.com/p/CxKzW-dsRTT/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>
<https://www.instagram.com/p/Cw4WOD8sET2/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>
<https://www.instagram.com/p/Cw4YO6QsRsj/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>
<https://www.instagram.com/p/CwzfvIJMsxW/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық акциясы жоспарына сәйкес сынып оқушылары және олардың ата-аналарымен «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» атты жиналыс өтті.

--- <https://www.instagram.com/p/CxopvPOIZIY/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

Күн тәртібінде:

1. 1тоқсан қорытындысы.

2.«Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ!». Сынып жетекшісі. 3.«Біртұтас тәрбие бағдарламасы». 4.«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы». ТІЖО

Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық мүддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін, Отанын қадірлейтін және оның әрі қарай дамуына серпін беретін, терең білімді, озық ойлы, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелеу мақсатында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды.

Атап айтсақ, кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, құқықтық мәдениетін көтеру мақсатында жыл басында барлық сыныптарда учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Е.Испембетов 1-9-сынып оқушыларымен кездесулер өткізді. Мектеп ережесін сақтау, жол көлік оқиғасының алдын алу, білім беру ұйымына алып кіруге тыйым салынған заттарды тұтынбау, қоғамдық орындарда өзін ұстау т. б туралы мәліметтер берілді.

-- Оқушыларға заң білімі саласынан мағлұмат бере отырып, өз құқықтарын жете білуге, өмірде қолдана білуге үйрету, құқықтық білімдерін толықтыру мақсатында 9-сынып оқушыларымен «Балалар құқықтары мен мүдделерін қорғау» атты дөңгелек үстел

-- https://www.instagram.com/p/CxK222dsX_S/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын көтеру, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Бурабай ауданы ПБ инспекторы полиция майоры Е.Испембетов оқушыларымен кездесіп, түсінік жұмыстарын жүргізді.

5-9- сынып оқушыларымен кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында өз - өзіне қол жұмсаудың және буллинг, кибербуллингтің алдын алу , болдырмау мақсатында түсінік жұмысы жүргізілді. Шараға учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты, пән мұғалімдері, сынып жетекшілер, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, қатысты.

«Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік» учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты өткен кездесу өткізді.---

Түнгі кезекшілік тұрақты ұйымдастырылады. Кесте бойынша кезекшілер кезекті рейдке шықты. Көше тыныш, беймезгіл жүрген оқушылар жоқ, құқықбұзушылық тіркелмеді. Дәстүрлі, тәрбиелік, мерекелік шаралар бойынша: «Отан- отбасынан басталады» атты апталық жоспарына сәйкес сыныптарда сынып сағаттары негізінде «Отбасы- аялы алақан мекені» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: «Отбасы құндылығы» туралы ұғымдарды, түсініктерді кеңейту. Отбасы мүшелерін сүйе білуге, баланың ата-анаға деген махаббатын ояту. ---

Қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата- әжелеріміздің төл мерекесі. Осы мерекеге орай ----

«Қарттарым аман-сау жүрші» тақырыбында тәрбие сағатын өткізілді. Мақсаты: оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу

Ұстаздар мерекесі - үлкен мереке. Осы мереке қарсаңында Обалы ауылының негізгі орта мектебінің 1-9-сынып оқушылары «Ұстазға мың алғыс» атты арнайы дайындаған мерекелік бағдарламасын ұсынды.-----

Аудан көлемінде өткен ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына байланысты «Сәкен оқулары» атты аудандық байқауда «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы» атты номинациясы бойынша II орынды Хакимов Е иеленді .Жетекшісі Д.Кыдырекешова .

Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 34 жыл толуына арналған «Ауғанның асуында от кешкендер» атты аулымыздағы Ауған соғысының ардагері Бижанов Дагир атаймен кездесу өткізді. Оқушылар Ауған соғысы жайлы мағлұмат алып, ардагер ағамен әңгімелесіп, сұхбаттасты.

Тәуелсіздік мерекесіне орай көркемеңбек пәні мұғалімі ұйымдастырған «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» атты сурет көрмесі.

Педагог- психолог «Психологиялық қауіпсіздік» ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек және қолдау көрсету мақсатында «Балалармен қарым-қатынасты қалай құру керек?» тақырыбында профилактикалық жұмыс жүргізді.

15 қараша - Ұлттық валюта күні. Осы датаға байланысты сынып жетекшісі Қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты сынып оқушыларының ата-аналарымен «Отбасындағы зорлық- зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбында өткізді.

Жиналыс Балаларға қатысты зорлық- зомбылық және қатыгездік мәселелері бойынша «Қатыгездіксіз әлем "Жемқорлықсыз қоғам- нұрлы болашақ кепілі" атты кездесу кеші

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру мақсатында 5-6 класс оқушылары өз шығармашылықтарынан ойларын сурет арқылы бейнеледі

«Сыбайлас жемқорлық» деген ұғымды және оның пайда болу жағдайларын түсіндіру, адалдыққа, әділеттілікке тәрбиелеу мақсатында 1-9 сынып оқушыларына сынып жетекшілері «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді.

Діни экстермизмнің алдын алу бағытында өткен шаралар: “Діни сауаттылық-жарқын болашақ” атты 5-9- сыныптар бойынша өткен тәрбие сабақтары

Елін, жерін сүю мен Отанға деген адалдықтың бір белгісі- Мемлекеттік рәміздерді қадір тұту болып табылады. Білім алушыларды елжандылық негізде тәрбиелеуде мемлекеттік нышандардың алар орны ерекше. Құрман орта мектебінде оқушыларды Отанды сүюге, рәміздерді құрметтеуге үйрету, өз Отанының патриоты етіп тәрбиелеу мақсатында класс жетекшілер «Мемлекеттік рәміздер-мақтаншым» атты тәрбие сағаттарын өткізді..

Сынып оқушылары «Еңбегі ерен жас өрен» жобасы аясында «Еңбек адамы» күніне байланысты «Бақыттың кілті- еңбекте» атты кездесу ұйымдастырды. Мақсаты: еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын айту, ерінбей еңбек етуге шықыру, еңбек адамының табиғи қажет екенін түсірдіру. Еңбексүйгіштікке, еңбек адамын құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Сынып Салауатты өмір салты мен нашақорлықтың алдын алу мақсатында өткен шаралар: Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған және нашақорлықтың алдын алу бойынша 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары бойынша қыздар арасында волейболдан жарыс өтті.

Оқушылардың салауатты өмір салты жайлы білімдерін тереңдету, адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру қажеттілігін, зиянды заттар мен әдеттердің ағзаға тигізетін әсерін ұғындыру мақсатында жүргізіліп жатқан «Салауаттылық-денсаулық негізі» атты апталық жоспары бойынша мектеп медбикесі «Жасөспірім және зиянды әдеттер» тақырыбында ақпараттық стенд жасақтадысынып оқушыларымен «Жасөспірім және зиянды әдеттер» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Мақсаты: оқушыларды салауатты өмір сүре білуге тәрбиелеу, шылым шегудің, ішімдіктің, нашақорлықтың, СПИД-тің адам ағзасына зиянды әсерлерін ашып көрсету, солардың салдарынан туатын аурулар туралы білімдерін жетілдіру, сана-сезімдерін тәрбиелеу. ҰйымдастырушыларКәмелетке толмағандар арасында жол- көлік оқиғасының алдын алу және **«Жол қауіпсіздігің жас инспекторлары»** тобының жүргізген жұмыстары бойынша Мақсаты: Оқушыларға жол қауіпсіздігінің жас инспекторлары жұмысы туралы түсінік беру, жол қозғалысы қауіпсіздігінің сақталуын насихаттау. Көшелермен жолдардағы қауіпсіздік ережелерін оқып, үйрену. Жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету ісіне машықтандыру. Мектеп медбикесі 7-8 сынып оқушыларына балалар травматизмі туралы интерактивті сабақ өткізді. Көркем еңбек пәні мұғалімі С. Конакаев 3-5 сынып оқушылары арасында «Абайлаңыздар, балалар!» сурет көрмесін ұйымдастырды Мектеп медбикесі Ж.Оразбаева «Жеке бас гигиенасы» атты баяндама оқыды. -----Қыз балаларды әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу мақсатында 8-9-қыз балаларымен «Қыздар сұлу көрінер қылығымен...» атты дөңгелек үстел өтті. Ұйымдастырушылар Әжелер клубы .«Жігер» клубының жетекшісі 5-8 сынып ер балаларымен «Интернет желісіндегі қауіпсіздік»,«Тәртіпке бағынған құл болмайды» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізді. ----- . Мектепте дәстүрлі «Әкелер күні» өтеді. Әкелер мектеппен тығыз байланыста, шараларға белсенді араласады. Отбасындағы тәрбиеге көп көңіл бөледі.Отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір-шапағат көзі- әке. Әке тәрбиесін, әкенің орнын ешкім де баса алмасы анық. Жаңа 2023-2024 оқу жылынан бастап мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысын бастады. Орталық ата-аналар қоғамдастығының өкілдерін, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерді

біріктіреді. Орталықтың қызметі позитивті ата-ана мәдениетін арттыру арқылы балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның қажеттіліктерін, сұраныстарын, мінез-құлқын, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда. Позитивті ата-ана – бұл мейірімді қарым қатынасқа, қолдауға, баланың жеке басының күшті жақтарына, балалар мен ата-аналардың өзара ынтымақтастығын назарда ұстайтын тұлға. АПҚО қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің АПҚО құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған АПҚО ата-аналар интерактивті режимде балаларымен нақты позитивті қарым-қатынас жасауды, олардың психологиялық, эмоционалдық жағдайын түсінуді үйренеді, бұл балалар мен ата-аналар арасындағы қарым қатынастың бұзылуы сияқты күрделі мәселенің туындамауына көмектеседі. Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламаларының мазмұны ұлттық құндылықтарға, балалар әл-ауқатының теориялық негіздеріне сүйенеді, олардың жас ерекшеліктерін ескереді. Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету. ата-аналарды 2023 жылдың қараша айынан бастап , АПҚО клубтары ашылып , жетекшілері сынып жетекшілер 5-9 сынып оқушыларының ата-аналарымен жүргізілген жұмыстар: «Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» аясында 5-9 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Жасөспірімдермен қарым-қатынас ерекшеліктері» тақырыбында "Даналық мектебі" клубының жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылында «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хатының негізінде , адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты «КЕАҚ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешіміне сәйкес» , халқымыздың сан ғасырлық мәдени жәдігерлері мен ұлттық құндылықтарын тәрбиенің негізгі өзегіне айналдыру мақсатында Обалы ауылының негізгі орта мектебінде «Даналық мектебі» клубы ашылды. Клуб шеңберіндегі «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Женгелер мектебінің» мақсаты- озық салт-дәстүрлерді талдап түсіндіру, дәріптеу, отбасы тәрбиесінің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету. «Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу. Клубтың міндеттері: - аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту; - ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу; - өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету. «Даналық мектебі» клубының қызметінен күтілетін нәтиже: позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану. 2023-2024 оқу жылында Обалы ауылының негізгі орта мектебінде «Даналық мектебі» клубының жұмысын жүргізу үшін жұмыс тобы құрылып, жоспары бекітілді. «Даналық мектебі» клубының жұмыс жоспары «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына «Ғаламтордағы алаяқтық», «Алаяқтықтан сақ болыңыз!» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. «Ғаламтордағы алдаудың ең көп кездесетін түрлері», «Абайлаңыз, алаяқтар!» атты жадынамалар таратты. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес барлық сыныпта «Мақал- сөздің мәйегі» тақырыбында сайыс өткізді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Оқуға

күштар мектеп» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес тастауыш сыныптар арасында мектеп кітапханашысы «Өзінді мамандықтар әлемінде тап» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Ұшқыр ой алаңы» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін негізгі факторларды айқындау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту мақсатында «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» атты мектепішілік дебат өтті. Жоба жетекшісі А.Каирбаева. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасының іс-шаралар жоспарына сәйкес «Оқуға күштар мектеп» челленджі өтті. Оқушылар өздері таңдаған сүйікті кітаптарынан үзінді оқып, басқа қатысушылармен ой бөлісті.

Мақсаты:білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес «Ғаламшар және ғаламтор» атты шара өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша құқықтық мәдениетті қалыптастыру және келеңсіз жағдайдың алдын алу мақсатында 5-8 сынып оқушыларымен педагог- психолог К.А.Жакупбеков «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында профилактика бағыты бойынша түсіндірме жұмысын жүргізді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша 9- сынып оқушыларымен «Жасөспірім және Заң»атты кездесу тренинг өтті.

Мақсаты: оқушыларды заңды құрметтеуге, өз құқықтарын ғана емес, міндеттерін білуге насихаттау. Құқықтық сауаттылығын арттырып, қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға тәрбиелеу. Ата Заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да, әділетті парасатты тұлғаны тәрбиелеу «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Жеткіншектің жеті жарғысы» және «Адал ұрпақ» жобасы бойынша ТІЖО Д.Кыдырекешова және учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Е.Испембетов құқықбұзушылықтың алдын алу,заңдарды сақтау, басқалардың құқықтарын құрметтеу, жауапкершілік сезімін қалыптастыру, адамгершілікке,адалдыққа, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу мақсатында сұхбат өткізді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырылатын «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасының іс-шаралар жоспарына сәйкес «Күй күмбірі» атты домбырашылар челленджі өтті. Мақсаты. Білім алушылардың рухани- адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау,балалардың домбырада орындау өнерін насихаттау. «Қоғамға қызмет» волонтерлер қозғалысын жүзеге асыру жөніндегі 2024 жылға арналған іс шаралар жоспары бойынша еріктілер тобы «Қамқорлық» акциясы негізінде мектеп ауласын тазарту жұмыстарын жүргізді. Білім алушылардың үйірме және секциялармен қамтылуы **Барлық оқушы саны: 43.** Буллингтің алдын алу бойынша «Буллинг себептері, формалары, алдын алу» тақырыбында онлайн курстардан сынып жетекшілер өтті.

. Тәрбиенің кешенді бағдарламасын жүзеге асыру,шығармашылықпен жұмыс жасайтын сынып жетекшілерін анықтау,жас ұрпақты тәрбиелеу әдістерімен педагогикалық ұжымды таныстыру мақсатында.

Жалпы ата-аналар жиналысы 21 қыркүйек күні «Бала тәрбиесі-басты назарда» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Өткен оқу жылының қорытындысы. Жаңа 2023-2024 оқу жылының міндеттері. Мектеп

директорының м.а. К.Ахметова

2.«Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, зорлық- зомбылыққа жол бермеу» учаскелік полиция инспекторы,

3.«Отбасындағы келіспеушіліктің бала психологиясына әсері» педагог-психолог

Қ. Жакупбеков «Ұл бала мен қыз бала тәрбиесінің ерекшеліктері» тақырыбында кезекті жалпы ата аналар жиналысы өтті.

Күн тәртібінде: 1. «Жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері және физиологиялық жетілуі» баяндама.

Жалпы ата-аналар жиналысы №2 "Білімді ұрпақ – ел болашағы"

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

«Буллинг пен кибербуллингтен баланы қалай қорғай аламыз?». «Отбасылық бос уақыт мәселелері. Отбасындағы адамгершілік әрекеттер тәжірибесі». «Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру». Мектеп формасына қойылатын талаптар.

Сыныптағы ата-аналар жиналыстары: Сынып жетекшісі А.Кабдулина 9 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтық алдын алу» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. I тоқсан қорытындысы.

2.«Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау». 3.«Жасөспірімдер мен балалар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу. Мақсаты: әр ата-ананың бала жанын түсіне білуіне жетелеу. Ата-аналар мен балаларда бір-біріне деген жылы қарым-қатынас орнату. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселе. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытындағы балалар мен жасөспірімдердің толық демалуларына танып білу, шығармашылық және қоғамдық белсенділігін арттыруға,балалардың өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерін дамытуға,ғылыми , техникалық, көркем шығармашылық, спорт, саяхат пен өлкетану және басқа да танымдық қызмет түрлеріндегі білім мен іскерліктерін артыруға жағдай жасау мақсатында 1 маусымнан бастап барлық білім беру мекемелерінде оқушылар үшін жазғы сауықтыру маусымы ашылды. Жазғы демалыс балалардың жылдық бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке,өзі үшін қылықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең. Лагерь кез келген балаға өзін көрсетуге, өзін-өзі сыйлау мен өзін-өзі көрсете білудің жоғары деңгейіне жақындау мүмкіндігін береді. Обалы ауылының негізгі орта мектебінде балалардың жазғы демалыс уақытын тиімді пайдаланып сауықтырылуын және шығармашылығын дамытуын қамтамасыз ету мақсатында арнайы санат оқушыларына мектеп жанындағы тамақпен қамтылатын лагерь және мектеп жанындағы «**Айгөлек**» демалыс алаңы ұйымдастырылды. Жазғы сауықтыру маусымында лагерьде балалардың қабылдау дайындығын, өрт қауіпсіздігін, санитарлық-гигиеналық талаптардың бақылануы мен сақталуы қамтамасыз етілді. Лагерьдің жұмыс регламенті,жоспары, жауапты қызметкерлердің лауазымдық міндеттері, оқушылардың өмір қауіпсіздігінің жауапкершілігі, құжаттардың талапқа сай жүргізілуі, тізімі бұйрықпен бекітілді. Лагерьге келген әр оқушы өздерін жаңа қырларынан танытып, сабақта алған мәліметтерін өмірде қолдана білуге үйренді, жоспар бойынша шаралар уақытылы өткізілді. Сонымен қатар мектеп парламенті мүшелері Сапанова Б.мен Бекзатбек Д Зеренді ауданындағы «Белый парус» атты демалыс орнында демалып қайтты. Барлық шаралар уақытылы жүргізіліп, іс-құжаттар жасақталып,мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланды. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар: **Кыдырекешова Д.М**

2024-2025 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмысы

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылды. Тәрбие жүйесінің мақсаты – білім алушыларды тәрбиелеу бағдарламасы шеңберіндегі әр түрлі іс-әрекеттерінің мазмұнын кіріктіру тәрбие беру мұраттары мен құндылықтары негізінде жүзеге асырылып, білім алушылардың жеке тұлғалық сапалығы, Қазақстан патриоттылығы, жалпы адамзаттық құндылықтары негізінде қалыптастыру, тәрбие жүйесінде жас ұрпақты Отанға, халқына, елі мен туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелей отырып, бойына сіңіріп, қалыптастыру өте маңызды орын алады. Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды. Мектептегі тәрбие жүйесі жеке тұлғаға тиімді және мақсатты құрылған тәрбие үрдісінің бір бөлігі. Тәрбие жүйесінің құрылымы: сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі, ата-аналар қоғамдық кеңесі, балалар мен жасөспірімдер ұйымы, ұлдармен, қыздармен жұмыс, психологиялық қызмет, әлеуметтік көмек, кітапханалық қызмет, құқықтық кеңес, үйірмелер, бағыттарымен жұмыс атқарылды. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері тәрбиелеудің әрбір бағыты қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын, тәрбиенің заманауи тұжырымдарын, білім мен тәрбиені дамытудың әлемдік үрдістерін: жаһандану, интернационалдандыру, кіріктіру, компьютерлендіру, цифрландыру, универсалдандыру тәрбиенің әдістемелік негіздері мен қағидаттарын қамтылған түсінік пен танымнан құралған.

Мектепте 2024-2025 оқу жылында оқушы саны-45

2024-2025 жылда көп балалы отбасы бала , жартылай отбасының оқушылары бар екендігі анықталды.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу»

Мақсаты: Ұлттық және жалпыадами құндылықтар негізінде зияткерлік, рухани-адамгершілік тұрғысынан және физикалық дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Биылғы 2024– 2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» Мемлекет басшысы Қ.Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың “Адал адам- Адал еңбек -Адал табыс” атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы “Біртұтас тәрбие” бағдарламасын әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасы “Әділетті Қазақстан -Адал азамат -Озық ойлы ұлт” деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады. Ұштаған бір бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл “Біртұтас тәрбие” бағдарламасының басты идеясына айналды.

Бағдарламаның мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру

Міндеттері: Рухани адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

Отанға ,өз халқына,оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету; білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал айын; қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны:

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Ай сайын өткізілетін тұрақты іс шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс;

Қыркүйек -еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы- тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы-әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан- бірлік және ынтымақ айы;

Ақпан -жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз -тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Мамыр -бірлік және ынтымақ айы.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

1.Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «Жеті ата», «Тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2.Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3.Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4.Жа мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай күйін басқарады.

5 Тұратын үйін, ауласын, ауданын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды

Тәрбиенің мәні-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Құндылықтар адамның белгілі бір әрекет етуге деген тұрақты сенімін білдіреді және жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады. Құндылық білім алушының өмірлік ұстанымына, іс-әрекетіне, мінез-құлқына, дүниетанымына және этикалық нормаларды сақтауына әсер етеді.

Құндылық:Тәуелсіздік және отаншылдық

Құзіреттілік:ұлттық мүддені дамыту.Қазақстан азаматтарының міндеттерін орындауға,өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

Құндылық:бірлік және ынтымақ

Құзіреттілік:тиімді коммуникация

Негізгі орта мектеп түлегі:

Қоғамдағы әлеуметтік нормалары,ережелерді білу және түсіну;

сенімді қарым қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;

Жобаларға қатысу;тек қзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін жауапты болуға дайын болу;

Құндылық:әділдік және жауапкершілік

Құзіреттілік:қоғамға қызмет

Негізгі орта мектеп түлегі:

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;

Құндылық:заң және тәртіп

Құзіреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Негізгі орта мектеп түлегі:

Құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу; тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;

Қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзіреттілік: инновациялық ойлау

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзіреттілік: шығармашылық

Негізгі орта мектеп түлегі: өз бетінше жобаларды іске асыру; бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;

Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сынып жетекшілерді нормативті құжаттармен, нұсқаулық хаттармен таныстыру (2024-2025 ӘНХ)

2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтары мен жобаларымен таныстыру

3. Сынып жетекшілерді тағайындау- бекіту, сапалық құрамын жасақтау, жас жетекшілерге тәлімгер бекіту

4. Сынып жетекшіге әдістемелік көмек беру

5. Жылдық жоспарларын бекіту

6. Сынып кабинеттерін бөлу, сынып бөлмелерінің жабдықталуын, үйлесімін қадағалау, сынып паспортын бекіту

7. «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру

8. Оқушылардың әлеуметтік паспортын бекіту

9. Мектептің ата аналармен келісім шартын, мектептің ішкі тәртібін бекіту.

10. Оқушылардың ыстық тамақпен ұйымдастыруын қамтамасыз ету

11. Оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету.

12. Әлеуметтік көмекті қажет ететін балалармен жүргізілетін, әлеуметтік қызметтің жағдайының ұйымдастырылуын бақылау.

13. Әлеуметтік көмекті қажет ететін жанұяның балаларын оқулықпен қамтамасыз ету

14. Жекелей және топтық кеңестер құру.

15. Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарының құрылымын жүйелеу.

16.1-қыркүйек Білім күнін ұйымдастыру

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйек сөздері сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу
- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- «Домбыра күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде қдомтыңдау апта сайын.

Қыркүйек- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айында атқарылған іс шаралар:

"Төрт тоқсан- төрт өнер" ұлттық мәдени- ағартушылық жобасы аясында күнделікті іс-шаралар атқарылды.

«Заң және тәртіп» құндылығы бойынша мектепте 2-13 қыркүйек аралығында жолда жүру тәртібін сақтау тақырыбымен "Жол ережесінің қауіпсіздігі" тақырыбында кездесу өтті. АПБ қызметкерлерінің қатысуымен «Қауіпсіз жол», «Сақ бол жолаушы» тақырыбында Бурабай АПБ көші қон қызметінің аға инспекторы полиция майоры Е.Испембетовпен жоғары сынып білім алушыларына жол қозғалысының ережелері мен оның қауіпсіздігі жайында түсіндіру жұмыстары, сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді.

«Смартфонсыз сабақ пен үзіліс» тақырыбында ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – ҚОҒАМ КЕЛЕШЕГІ» тақырыбында мектепте ата-аналар және педұжыммен жиналыстар өткізілді.

/Бейнетуындылар инста желісінде тұр/

1 қыркүйек- «Білім күні» даярлық тобымен қоса 1-9- сыныптарына арналған салтанатты жиын ұйымдастырылды. “Мектеп-мейірім мекені!” тақырыбында сынып сағаттар өткізілді..5 қыркүйек- Қазақстан халқы тілдері күніне орай “Туған тілім-тұғырым” қыркүйектің 1 аптасында гуманитарлық цикл пәндер мұғалімдері ұйымдастырды. Атқарылған жұмыстардың бейнероликтерін мектеп сайттарына әлеуметтік желілерге орналастырылды.

Қыркүйектің екінші жексенбісі-Отбасы күніне арналған “Отбасы-тәрбиенің бесігі” атты тәрбие сағаттары, «Отбасы бақыт мекені» атты фотоколлаж көрмесі ұйымдастырылды. "Тоғызқұмалақ күні" аясында 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын қолдай отырып, тоғызқұмалақ ойыны өткізілді, «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастырылды – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. Кітапханашы Бижанова Г.Х «Кітап арқылы ашылған сырлы әлем» тақырыбында кітаптар керуенін ұйымдастырды.

Қыркүйектің үшінші жексенбісі-Отбасы күніне орай “Отбасым ортаймас байлығым”, «Аналар» күніне орай бейнетуындылар өткізілді «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуін сынып жетекшілер ұйымдастырды.

Қыркүйектің соңғы жексенбі-Еңбек күніне байланысты жоспар құрылып түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілімді. “Еңбекорлық және кәсіби біліктілік” құндылығы аясында сынып сағаттар өткізілді.”Еңбегі адал- жас өрен” жобасын жүзеге асыру бағытында “Адал еңбек-өмірдің құндылығы” тақырыбында тәрбие сағаты өтті, 7-8 сынып білім алушылар арасында “Еңбекте батырлар туады” эссе байқауы өткізілді. "Менің жетістігім – менің нәтижем" деген тақырыпта пікірсайыс өткізілді.

«Еңбек түбі – береке» атты сынып сағаттары өтті. Бұл сынып сағатының мақсаты – еңбекқорлықтың және тынымсыз еңбектің пайдасы туралы мағлұмат беру. Аудандық "Қазақша караоке-2024» ке 5-сынып оқушысы Вальгерт К «Сахна жұлдызы» номинациясын иеленді. Мектеп тәлімгері Жангужинова А.М. өнерпаз дайындағаны үшін алғыс хатпен марапатталды. Апта сайынғы әр сынып сағатының соңында немесе басында 10 минут қауіпсіздік сабақтарына арналады.

Қазан айы- Тәуелсіздік және отаншылдық айы.

1-қазан-Халықаралық қарттар күніне орай жоспарланған іс-шаралар өз уақытында ұйымдастырылып, өткізілді. 1 қазан қарттар күніне орай “Қарты бар ел- қазыналы ел” атты кездесу өткізілді.« Қарттарым аман -сау жүрсін» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. "Ардагерлерді ардақтайық" тақырыбында 6- сынып оқушылары құттықтау хат ұйымдастырды. Қарттарымызға, олардың ғұмыр бойы істеген еңбектеріне сый-құрмет көрсету мақсатында мектептің 6 сынып оқушылары зейнеткерлікке шыққан ардагерлерді

құттықтады.

5-қазан-Ұстаздар күніне орай, 1-9- сынып арасында,"Мектебің алтын ұя жарқыраған,Ұстазың -бұлақ көзі сарқыраған" тақырыбында эссе байқауы өтті, "Ұстаздар, бар жақсылық сіздер үшін" тақырыбында ұстаздар мерекесіне оқушылардан құттықтау арнады. "Өз ұстазыңды құттықта!" «Даналық ұстаздан!» тақырыбында челлендж ұйымдастырды. Мектептің жоғары оқу орындарында оқитын түлектері ұстаздарын кәсіби мерекесімен құттықтады. Оқушылардың және мектеп парламентінің ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мектептің ұстаздарының құрметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен “Дублер”күні өткізілді.

«Күзгі асар» атты жәрмеңкесі ұйымдастырылды. «Қарттарым-асыл қазынам»тақырыбында мектепте тәрбие сағаттары өткізілді. «Жасөспірімдер суицидінің алдын-алу» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.«Баланың интернеттегі қауіпсіздігі» жайында сынып жетекшілер ата аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізді. «Қауіпсіз балалық шақ» республикалық ақпараттық компаниясы негізінде

1-30-қараша Балаларды достарымен жағымды қарым-қатынас жасауға үйрету мектеп ұжымдары мен оқушыларға кезекшілік кестесі жасалды. 14 қазан күні «Балалардың достығы - ата-ананың білуі маңызды» тақырыбында 8 сынып ата -аналар, жасөспірімдермен кездесу ұйымдастырылып өткізілді. Кездесу барысында «Баланы мектепте дос болуға қалай үйрету керек?» тақырыбында пікіралмасу жүргізілді, кеңестер берілді.Ата-аналар өз пікірлерімен бөлісті.

Ата - аналарды қолдау орталығының жоспары аясында “ Даналық мектебі” тақырыбында ата- аналармен сұхбат өткізілді. Мақсаты: Жасөспірімнің өсіп жатқан ортасымен тығыз қарым-қатынасына жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында ұйқысыздық белең алуда. Оның бірден - бір себебі- гаджеттерді жиі қолдану.

24 қазан күні «Даналық мектебі» шеңбері аясында 5-9 сыныптың әкелер қауымымен : " Өке болудың кілті өз қолыңызда! " тақырыпта кездесу ұйымдастырып, өткізілді.Мақсаты : Әкелердің отбасындағы, қоғамдағы рөлінің зор екендігіне, отбасы тәрбиесінде әке жолының ерекше екендігін ұғындыру барысында мектептегі тәрбие мәселелері мен мектеп өміріне де ат салысуға шақыру. Іс - шараға мектеп әкімшілігі, педагогтер қауымы , ата- аналар қатысты. Іс шара барысында әкелер қауымымен түрлі жаңа, қызықты әдістер арқылы бала тәрбиесінде әкеның рөлі зор екендігі туралы айтылып, бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт-бағдар беру және жалпы бала тәрбиесіндегі қыр-сырларымен бөлісті. Сонымен қатар, кездесу барысында әкелердің бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңыздылығы арттырылып , балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы қарастырылды. Барлық әкелер қауымы белсенді қатысып, өздерінің ойларымен бөлісті.

25 қазан-Республика күніне орай іс- шаралар жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспар бойынша іс шаралар атқаралды. 25-қазан Республика күніне орай "Менің елім-Қазақстан" тақырыбында кітапханашы кітаптар көрмесін өткізді.Мектеп оқушыларына елеулі күннің маңыздылығы түсіндіріліп, патриоттық бағыттағы баяндама жасалды. "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында 2024 жылдың қазан айының 23-күні білім алушылары арасында отансүйгіштік пен туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында "Әнұран айту" челленджі ұйымдастырылып өткізілді. Отанын сүйетін ұлтжанды,еліміздің рәміздерін құрметтейтін, жаны таза, адамгершілігі мол нағыз азаматты қалыптастыру көзделді.

Ағымдағы жылдың 23 қазан күні сағат 11.00де Республика күніне орай бірыңғай гимн орындалды. Бұл іс шараның басты мақсаты Қазақстан Республикасының егемендігі мен

тәуелсіздігін атап өтуге арналған маңызды мемлекеттік мереке . Өнұранды бірыңғай орындау –білім алушыларды патриоттық сезімдерге, бірлікке шақыратын рәсім. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрмет көрсету мен ұлттық рухты дәріптеу мақсатында өткізілді.Сынып сағаттары өткізілді. Каникул кезінде жас ерекшеліктеріне сай жоспар құрылды. Сынып жетекшілер арқылы жұмыстар атқарылды. 5-8-сынып жетекшісі Кыдырекешова Д.М. Бастауыш сынып сынып мұғалімдері Ахметова К.Б мен Оразбаева Ж.И. аудан орталығына кинотеатрға апарды.Тоқсан соңында сынып жетекшілер ата-аналар жиналысын өткізді.Оқушылардан қолхат алынды. Алтын күз мерекесі ұйымдастырылды.Тақырыбы; «Күз аруы»

15қараша Ұлттық валюта күніне орай бейнероликтер топтастырылды. Даналық мектеп аясында «Жеті атасын білген ер ,жеті жұрттың қамын жер» тақырыбында аталар клубының жұмысы оздырылды.

<https://www.instagram.com/reel/DDEbd89MXOy/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

Республикалық «Алтын сақа» математикалық олимпиадасына қатысып , Қуанышбеков Б,Ақылбай Ә, Кайнешова,Каиркенова А сертификаттармен марапатталды.Өнегелі 15 минут аясында бастауыш сынып оқушылары көптеген қызығушылық танытып , көптеген ұлттық ойындар ойнатылды.

Оқушылардың танымдық өрісін кеңейту мақсатында және оғаш қылықтардан аулақ болу мақсатында «Закладка»фильмін көру ұйымдастырылды. «Болашаққа -ЖИТС-сыз»атты Дүниежүзілік ЖҚТБ-мен күрес айлығы бойынша іс-шаралар өткізілді

<https://www.instagram.com/reel/DDWrY9vMKk1/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

16- желтоқсан «Тәуелсі ел-Қазақстан» тақырыбында жоспар құрылып, сынып сағаттары ,құттықтау челленджі,кітап көрмесі, ұлттық спорт түрінен жарыстар , бейнефильмдер көрсетілді

<https://www.instagram.com/reel/DDqOwWUojlM/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

<https://www.instagram.com/reel/DDqN6fTo6eL/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

<https://www.instagram.com/reel/DDqOIL2IDs0/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

<https://www.instagram.com/reel/DDqOWj6oVuM/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

<https://www.instagram.com/reel/DDqOwWUojlM/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

<https://www.instagram.com/reel/DDqQAa-IxAQ/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

Желтоқсан айында «Тәртіпті өзіңнен баста!» тақырыбында аудандық полициялармен кездесу өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/DDeCJSCMIfo/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

Жаңа жыл қарсаңында әкім шыршасына баратын балалар ескеріліп , аудан орталығына барып қайтты. «Еркін тыныс ал!» челленджі болды.

<https://www.instagram.com/reel/DD6IHGNIUkb/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

Оқушылар арасында Тәуелсіздік күніне орай, Жетістігім еліме атты челленджі ұйымдастырды.Жыл соңына қарай «Қош келдің ,Жаңа жыл» тақырыбында бастауыш сынып пен орта және жоғары сынып оқушылар арасында жаңа жылдық мерекесі өтті.

Ауылымыздың беделді азаматтары сыйлыққа толы Аяз ата қоржынын толтруға өз үлестерін қоса білді. Мектебімізде оқушылардың қызығушылығына қарай алғыр, батыл, өзін көпшілік алдында еркін ұстай алатын, өз ой-пікірін анық жеткізе алатын, өзіне сенімді, осынау өзгермелі заман ағымына жеңіл бейімделе алатын, салауатты өмір

салтын ұстанантын шығармашыл тұлғаны қалыптастыру мақсатында үйірмелер жұмыс жасайды. Үйірме жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспары жасалынып, бекітілген. Үйірмеге қатысқан әрбір оқушы өз білімін шыңдап, қабілетін дамытып, шығармашылық қызығушылықтары мен бейімділіктерін арттырды.

Үйірме жетекшілігінің нәтижесі өте жоғары деңгейде бағаланады. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Г.У. Капаров өз ісінің білгірі. Аудандық жеңістің жүлдегерлерін дайындауда еш жалыққан емес.

<https://www.instagram.com/p/DF-S3js0KF/?igsh=ZjFkYzMzMDQzZg==>

2024-2025 оқу жылындағы жалпы үйірме саны -5, қамтылған білім алушылар саны – 44.

2024-2025 оқу жылында Обалы ауылының негізгі орта мектебінде үйірме мен секциялар бар. Мектептегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру аумағында бейне камера орнатылған. Қазіргі таңда барлық камералар жұмыс жасап тұр. Мектеп директорының бұйрығымен бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кезекшілік құрылып, бөгде адамдардың келмеуіне жол бермеу шаралары ұйымдастырылды. Тіркеу журналдары енгізілді. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету іс – шаралар жоспары құрылып, Республикалық «Қауіпсіз мектеп» акциясы өткізілді. Жалпы қауіпсіздік сабақтары, ата - аналар жиналысы өткізілді. Олардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін орындар мен тұлғалар туралы ақпараттарды тіркеуге арналған журнал арналды, Қауіпті аймақтарға ескертпелер ілінді. Мектепте террористік әрекеттің алдын алу, мекеме объектісін және ондағы қызметкерлер мен білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын күшейту мақсатында арнайы өткізу режимі бойынша объектіге кірер есікте келушілерді вахтер құжаттары арқылы журналға тіркеп, олардың кіріп-шығуын бақылауға алады. «Террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуының паспорты» жасалынған. Сонымен қатар, қауіпсіздікті сақтау мақсатында мектептің ішкі (ұлдар, қыздар) әжетханасы іске қосылған және әжетханада кесте бойынша кезекшілер бар. 2024-2025 оқу жылында білім алушыларға «Жеке қауіпсіздік» тақырыбында сабақтар енгізілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылдың 31 тамызындағы №748 қаулысымен бекітілген Балаларды зорлық - зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының 20-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2024 жылғы 18.09. №269 бұйрығының 1 қосымшасы бойынша “Жеке қауіпсіздік” сабақтарының тақырыптары енгізіліп, әр сынып сағаттың соңында 10 минут өткізіледі.

Оқушылар қысқы каникул кезінде де жоспар құрылып, қызықты етіп орындаушылар қатарын көруге болады.

<https://www.instagram.com/p/DEkVy52pQf9/?igsh=ZjFkYzMzMDQzZg==>

<https://www.instagram.com/p/DEkVy52pQf9/?igsh=ZjFkYzMzMDQzZg==>

<https://www.instagram.com/p/DEkVy52pQf9/?igsh=ZjFkYzMzMDQzZg==>

<https://www.instagram.com/p/DEkVy52pQf9/?igsh=ZjFkYzMzMDQzZg==>

<https://www.instagram.com/p/DEkVy52pQf9/?igsh=ZjFkYzMzMDQzZg==>

2025 жылдың 31 қаңтар күні директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.М. Кыдырекешова 5-9-сынып оқушыларымен "ҚР-ның бейбітшілік және дінаралық келісімі саласындағы саясаты" тақырыбында түсінік жұмыстарын өткізді. Іс-шара барысында оқушыларға терроризмнің бағытындағы қауіпі, қоғамға тигізетін зияны туралы ақпарат берілді. Барлығы 13 оқушы қатысты.

<https://www.instagram.com/p/DFmrLQkqSlj/?igsh=ZjFkYzMzMDQzZg==>

Өскелең жас ұрпақ арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу тақырыбында мағлұматтар берілді.

<https://www.instagram.com/p/DEwWIIRs5LU/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

«Есірткіге жол жоқ!» тақырыбында челлендж ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/DFerQhwJY5A/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

<https://www.instagram.com/p/DFerQhwJY5A/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

<https://www.instagram.com/p/DFerQhwJY5A/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

Біртұтас тәрбие негізінде «Цифрлық әлемге қауіпсіз қадам аясында оқушылар арасында»Қаржылық сауаттылық « тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/DFhF3y4MCvR/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

«Stop буллинг»онкүндігі аясында оқушылар арасында қорқыту немесе жәбірлеу топтамасы жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/DF4sXYQsbQT/?igsh=ZjFkYzMzMdQzZg==>

Ақпан айында болып өткен, аудандық Ақмола жұлдыздары байқау -фестивалінде оқушылар мен жетекшілер өнері жоғары бағаланып, мадақтама және құнды сыйлықпен марапатталды.

